**Астана қаласында "Транспорт Тауэр" ғимаратындағы төтенше жағдайдың салдарын жою жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 мамырдағы N 145-ө Өкімі

1. 2006 жылғы 30 мамырда Астана қаласында "Транспорт Тауэр" ғимаратында болған өрттің себептерін тексеру үшін мынадай құрамда ведомствоаралық комиссия құрылсын:

Құлмаханов Шалбай Құлмаханұлы - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төраға

Петров Валерий Викторович - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі, төрағаның орынбасары

Құсайынов Әбілғазы Қалиакпарұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі, төрағаның орынбасары

Комиссия мүшелері:

Есілов Сансызбай Сейітжанұлы - Астана қаласы әкімінің орынбасары

Шпекбаев Алик Жатқанбайұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Божко Владимир Карпович - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының бірінші орынбасары

Омаров Қайсар Оспанұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы

Өтепов Эдуард Карлович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Аппарбеков Серік Сейітұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Төтенше

жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті төрағасының орынбасары

Амандосов Ізмайылбек Асылқанұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Құтпанов Берік Сатынбайұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласы бойынша төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының бастығы

Черняев Николай Андреевич - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Астана қаласы бойынша төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы бастығының орынбасары

Зернов Александр Николаевич - "Астана-лифт" ЖШС-ның директоры

2. Ведомствоаралық комиссия:

2006 жылғы 30 мамырдан бастап жұмысқа кіріссін және 2006 жылғы 8 маусымға Қазақстан Республикасының Үкіметіне құрылыс салу-қалпына келтіру жұмыстарының көлемі және бағдарламасы жөнінде тиісті ұсыныстар берсін;

бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне өртті тексеру нәтижелерін баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып белгіленсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктелсін.

5. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК